

Қамқоршылық кеңес отырысының  
хаттамасы № 9

29.04.2024 ж.

Атырау облысы Қызылқоға ауданы  
Жасқайрат ауылы, Т.Қайырбаев №2

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Қызылқоға ауданы білім бөлімінің  
« Ш.Т.Еркін атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қатысуға тиіс: 9

Қатысқандар: 8

**Күн тәртібінде:**

1. Аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 451 санды хатына сай, жаз мезгілінде Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына демалуға баратын оқушыларды анықтау.

**Тыңдалды:**

Кеңес төрағасы А. Жұмағалиев: - Аудандық білім бөлімінен келген қатынас қағаз бойынша Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына демалуға 2024 жылы 27 маусым - 11 шілде аралығында демалуға баратын оқушыларды анықтау керек екендігін және бұған жетім, аз қамтылған отбасылар бойынша және т.б екі баланы жіберу керек екендігін айтып өтті.

**Сөйлеушілер:**

1. П. Алтынғалиев – қамқоршылық кеңес мүшесі: Бұл Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына демалуға аз қамтылған отбасы балаларынан Шиланбаев Саяттың ұлы, 4 сынып оқушысы Санат Саттар, Тажигалиев Мұхамбетқалидың қызы, 8 сынып оқушысы, тұлдыр жетім Қожаберген Амангүл Мұхамбетқалиқызын ұсынуға болады. Осы балалардың құжаттарын жинақтап, демалысқа жіберсек, балалар үшін жақсы жаңалық болары анық.

2. Г. Кульбаева - қамқоршылық кеңес мүшесі: - Мен де осы ұсынысты қолдаймын. Балалар лагерьге барса, жазғы демалыс кезінде жақсы жерлерді көріп демалып, емделіп келеді. Табиғаты көркем жерлерді, шет елдерді тамашалау – әр баланы арманы. Бұл ата-ана үшін де үлкен көмек, демеу болады.

**Қаулы:**

1. Аудандық білім бөлімінің 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 451 санды хатына сай, жаз мезгілінде Ресей Федерациясы, Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатына аз қамтылған отбасы баласы 4 сынып оқушысы Санат Саттар Саятұлы, тұлдыр жетім 8 сынып оқушысы Қожаберген Амангүл Мұхамбетқалиқызы демалуға жіберілсін.

2. Орталықтан жолданған құжаттарды ата-ана мен баланың толтыруын ұйымдастыру директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Үмбетбаева мен әлеуметтік педагог А. Амантайқызы міндеттелінсін.

Комиссия төрағасы: А.Жұмағалиев *А.Жұмағалиев* Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Комиссия мүшелері:  
Құсайынов Марат

Алтынғалиев Парасат

Жаңабаев Құрманбек



Инаева Сауле

Құлбаева Гүлжамал

Жұмашева Орынгүл

Қабиев Нұрбек

Амантайқызы Айнұр



Ойыл ауылдық округінің Әкелер кеңесінің төрағасы, қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

Қайырымдылық жасаушылар өкілі, қамқоршылық кеңесінің мүшесі.

«Құрман» шаруа қожалығының төрағасы, қамқоршылық кеңесінің мүшесі

«Шалқыма» мәдениет үйінің директорының міндетін атқарушы, қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Ойыл ауылдық аппаратының шаруашылық меңгерушісі, қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Ата- ана, қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Учаскелік полиция қызметкері, қамқоршылық кеңесінің мүшесі

Кеңес хатшысы